

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 шілдедегі N 714 Қаулысы

"2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 желтоқсандағы Заңына, "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне өңірлік басымдықтарға сәйкес шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру үшін "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға 2008 жылға арналған республикалық бюджетте кезделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 28000000000 (жиырма сегіз миллиард) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*